

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдардың қаржылық көрсетілетін қызметтерді сатып алуының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 960 Қаулысы.

**Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.10.2023 № 873 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 9-бабының 9) тармақшасына сәйкес және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдардың иелігіндегі уақытша бос ақшаны тиімді пайдалануы мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.10.2023 № 873 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органдары болып табылатын және табиғи монополиялар субъектілерін, "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамын және пруденциалдық нормативтер мен активтерді әртараптандыру дәрежесіне қойылатын талаптарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілдеп орган белгілеген қаржы ұйымдарын қоспағанда, акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдар (бұдан әрі – Ұйымдар) акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) бақылау пакеттеріне иелік ету және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар Ұйымдардың өз иелігіндегі уақытша бос ақшаны мынадай қаржы құралдарына:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік, оның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарына – әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздерінің иелігіндегі ақшаны осы мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыруға құқығы бар Ұйымдар үшін 30 (отыз) пайызға дейін;

әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар үшін 10 (он) пайызға дейін.

Ақшаны осы тармақшада көрсетілген мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыру қөлеміне шектеулер орталық контрагенттің қатысуымен ұйымдастырылған нарықта жасалған кері РЕПО операцияларының нысанасы ретінде Ұйымдар сатып алған бағалы қағаздарға қолданылмайды;

2) мынадай халықаралық қаржы ұйымдары: Халықаралық Қайта құру және Даму банкі; Еуропа Қайта құру және Даму банкі; Азия Даму банкі; Ислам Даму банкі; Еуропа Инвестициялық банкі; Халықаралық қаржы корпорациясы; Америкааралық Даму банкі; Халықаралық Есеп айырысу банкі; Африка Даму банкі шығарған бағалы қағаздарға;

3) кредит рейтингі Standard & Poor's шкаласы бойынша BBB немесе Mood's Investors Service (бұдан әрі – Moody's) шкаласы бойынша Baaz төмен емес немесе Fitch Ratings шкаласы бойынша BBB төмен емес елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарына;

4) өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын кор биржасының ең жоғары санаты тізіміне енгізілген қазақстандық эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына;

5) шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кредит рейтингі Қазақстан Республикасының егемен рейтингінен бір деңгейден артық төмен емес қазақстандық эмитенттер шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздарға;

6) кредит рейтингі Standard & Poor's шкаласы бойынша AAA, Moody's шкаласы бойынша Aa1 төмен емес немесе Fitch Ratings шкаласы бойынша AAA төмен емес шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына;

7) осы тармақтың 1) – 6) тармақшаларында көрсетілген қаржы құралдары базалық активі болып табылатын туынды бағалы қағаздарға;

8) шетелдік банктердегі (кредит рейтингі Standard & Poor's шкаласы бойынша AAA немесе Moody's шкаласы бойынша Aa1 төмен емес немесе Fitch Ratings шкаласы бойынша AAA төмен емес) салымдарға (депозиттерге) және шетелдік банктер (кредит рейтингі Standard & Poor's шкаласы бойынша AAA немесе Moody's шкаласы бойынша Aa1 төмен емес немесе Fitch Ratings шкаласы бойынша AAA төмен емес) шығарған депозиттік сертификаттарға;

9) уәкілетті мемлекеттік органдың лицензиясы бар болса, аффинирленген бағалы металдарға;

10) екінші деңгейдегі банктердің, сондай-ақ Ұлттық пошта операторының депозиттеріне орналастыруды қамтамасыз етсін. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды қоспағанда, Ұйымдар заңнамада белгіленген тәртіппен уақытша бос ақшаны кемінде 3 (үш) екінші деңгейдегі банктегі, сондай-ақ Ұлттық пошта операторындағы депозиттерде орналастырады, олардың әрқайсысындағы, оның ішінде Ұлттық пошта операторындағы сома, орналастыру күніне қалыптасқан уақытша бос ақша мөлшерінің 30 (отыз) пайызынан аспауға тиіс.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация заңнамада белгіленген тәртіппен уақытша бос ақшаны кемінде 3 (үш) екінші деңгейдегі банктегі, сондай-ақ Ұлттық пошта операторындағы депозиттерге орналастырады, олардың жалпы сомасы ол орналастырылатын күні қалыптасқан уақытша бос ақша мөлшерінің 10 (он) пайызынан аспауға тиіс.

5000 (бес мың) айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшердегі уақытша бос ақша екінші деңгейдегі бір банктегі, сондай-ақ Ұлттық пошта операторындағы депозиттерге орналастырылады;

11) клирингтік қатысу сертификаттары.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.10.2023 № 873 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1-1. Екінші деңгейдегі банктердің, Ұлттық пошта операторының депозиттерінен уақытша бос ақшаны жоспарланбаған алу туралы шешімдерді Ұйымдарға қатысты тікелей мемлекеттік басқару органы не акциялардың (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) бақылау пакетін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыратын орган болып табылатын мемлекеттік органдармен келісу бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігін бір мезгілде хабардар ете отырып, Ұйымдар қабылдайды.

**Ескерту. Қаулы 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.03.26 N 290 қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.10.2023 № 873 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1-2. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыйақы алу мақсатында уақытша бос бюджет қаражатын Ұлттық пошта операторындағы және (немесе) екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге және басқа да қаржы құралдарына орналастыруына мемлекеттік қазынашылықпен келісу бойынша жол беріледі.

**Ескерту. Қаулы 1-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2025 № 393 қаулысымен.**

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар заңнамада белгіленген тәртіппен Ұйымдардың:

1) осы қаулыға сәйкес мынадай:

несие капиталы нарығында қарыздар тарту (бұл ретте қарыз тарту кезінде басымдық таррудың неғұрлым тиімді шарттарын (сыйақының ең төмен мөлшерлемесі, қарыз мерзімдері, қамтамасыз ету шарттары, женілдікті кезеңнің болуы және басқа да шарттар) ұсынатын қарыз берушіге беріледі);

екінші деңгейдегі банктерде, сондай-ақ Ұлттық пошта операторында банктік шот ашу бойынша қаржылық көрсетілетін қызметтерді тарту туралы;

2) Ұйымдардың екінші деңгейдегі банктерге, сондай-ақ Ұлттық пошта операторына

депозиттерге қаражат орналастыру мерзімдері, екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ Ұлттық пошта операторы есептейтін сыйақы мөлшері туралы ақпарат және депозиттерге қатысы бар басқа да ақпарат алу үшін осы қаулының 1-тармағының 10) тармақшасын;

қарыз мерзімі, қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі, женілдікті кезеңнің болуы, қарызды қамтамасыз ету шарттары және қарыз алуға қатысы бар басқа да шарттар туралы ақпарат алу үшін осы қаулының 2-тармағын;

екінші деңгейдегі банктерде, сондай-ақ Ұлттық пошта операторында шоттарды ашу және оларға қызмет көрсету шарттары туралы ақпарат алу үшін осы қаулының 3-тармағын орындау үшін сұраулар жіберуі туралы:

3) осы қаулының 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген ақпаратты алғаннан кейін заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағының 10) тармақшасында және 2-тармағында көрсетілген қаржылық қызметтерді көрсету бойынша неғұрлым тиімді шарттар ұсынған екінші деңгейдегі банктерді, сондай-ақ Ұлттық пошта операторын айқындау туралы шешімдер қабылдаудың қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 05.10.2023 № 873 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де қажетті шаралар қабылдаудын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Казақстан Республикасының  
Премьер-Министри